

БАЛАБАҚШАДА ҰСАҚ ЖАНРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Ж.Омарова –

*Абай атындағы ҚазҰПУ мектепке дейінгі және бастауыш
білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы*

Елімізде ұлттық тәрбие беру ісі қолға алынып, жас ұрпақты ғасырлар бойы сыналып, сұрыпталған ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеуге ерекше мән беріліп отыр. Рухани байлықтар – ұлттың өзін-өзі тануының және танытуының, ұлттық жігер – қайратты жұмылдырудың, оны белсенді әлеуметтік іс-қимыл, әрекетке айналдырудың құралы. Халық педагогикасы негізінде жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет.

Халық ауыз әдебиеті – халық шежіресі. Қазақ ауыз әдебиеті талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманның ұлылығын танымыз.

Қазақ балалар фольклорының өзіндік табиғатын тұтас құбылыс ретінде іштей саралаудың тұңғыш тәжірибесін жасаған К.Матыжанов өз еңбегінде: “Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалары – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, өнегелі мазмұнымен, ойындық жеңіл формасымен балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы”, -деп, ауыз әдебиетінің педагогикалық құндылығын саралап берген. /1/

М. Әлімбаев әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі екендігіне және ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түсіп, тілге орала кететіндігіне баса назар аударған. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-женіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіретін тәлімдік қасиетін атап көрсеткен. /2/

Халықтық педагогиканың, жалпы тәрбие құралдарының қатарында ұсақ жанрлардың тәрбиелік қызметі жөнінде профессор С.Қалиевтің төмендегі пікірлері көңіл аударарлық: “Мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда – әсемдік /эстетикалық/ тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған”/3/. Көріп отырғанымыздай, ғалым мақал, мәтел және жұмбақ жанрларының тәрбиелік қызметі ерекше екендігін дәл көрсеткен.

Мақал мен мәтел халықтың тұрмыс-тіршілігін, кәсібін, салт-дәстүрін, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ мақалдары мен мәтелдері де тақырыптық жағынан саналуан болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдері тіршіліктің барлық саласын қамти отырып, жас ұрпақты өмірге, адамдармен қарым-қатынасқа тәрбиелеумен қатар, айнала ортаны, жалпы дүниені тануға да тиісінше жәрдемін тигізеді.

Бала тәрбиесіне, оның ішінде баланың ақыл-ойын дамытуда ұсақ жанрлар қатарында жұмбақтың атқарар қызметі айырықша. Қазақ жұмбақтары көлемі, тақырыбы, мазмұны жағынан саналуан. Оның ішінде жұмбақ-айтыс осы халықтың аса өрелі өнер иесі екендігін танытатын ерекше жанр. Сондай-ақ жұмбақ әңгіме, ертегілер де кездеседі. Тіпті, қазақ би шешендері кейде бір-біріне жұмбақ сәлем айтысып, шешуін де жұмбақтап қайтаратын кездері де болған. Дей тұрғанмен, бала тәрбиесінде кәдімгі барша халыққа ортақ ұғымдағы жұмбақтау түрі жиі қолданылған. Оның көлемі шағын, мазмұны терең, тілі бала да, ересектерге де түсінікті. Жұмбақ белгілі зат не құбылыстың бір ерекше бөлігін немесе сипатын өзге нәрселерге ұқсату арқылы жасырып, оны шешушінің ақыл-ойын, логикалық ойлау жүйесін, аңғарымпаздығын сынау мақсатын көздейді.

Жұмбақ кейде нәрсенің кейбір сыртқы көрінісін, кейде оның белгілі бір қасиетін өзге бір нәрселерге ұқсату арқылы образдық бейнелеу жасайды. Жұмбақтың поэтикалық қасиеті оны ақындық ұштастырады.

Жұмбақ жанры туралы М.Ғабдуллин: “Ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз” – дей келе, оның тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Жұмбақ тақырыптарының жаратылыс, табиғат, еңбек

құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өміріне байланысты саналуан заттар мен құбылыстарды қамтитындығына дәйекті дәлелдер келтіреді. Сонымен қатар: “Жұмбақтың өзі де, оның шешуі де асқан тапқырлықпен құрылуы тиіс” – дей отырып, қазақ жұмбақтарының құрылысы мақал мен мәтелге ұқсас және өлең түріндегі ұйқас, ырғақтар немесе дыбыс үндестігі сақталатындығына баса көңіл бөлген /4/.

Жұмбақ баланың аңғарымпаздығын дамытуға қызмет етіп, ойлануға, бажайлауға және тез де шапшаң шешуге баулыды. Ол осы қасиеттері арқылы өзге жанрлардан ерекшеленіп, көбінесе балаларға арналып шығарылады.

Жаңылтпаш – артикуляциялық дағдыларды қалыптастыруға арналған халық өнерінің поэтикалық ұсақ жанрының бірі. Жаңылтпаш негізінен мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналады. Ал үлкендер оны, көбінесе, әзіл-оспақ, көңіл көтеру үшін қолданады.

Жаңылтпаш айтып жарысуда берілген сөзді жаңылмай ретімен тез-тез үш қайтара айтумен бірге, жаңылтпашты кімнің көп білетіні де ескеріледі.

Жаңылтпаш сөздері үйлесімді, ұйқасымды келеді. Сонымен бірге бала жаңылтпаштағы сөздердің мән-мағынасын да біліп, түсініп, тіл байлығын да молайтады. Осындай жиі жаттығудың нәтижесінде бала әр дыбыстың айтылу ерекшелігін, сөйлеу лектерін меңгеріп, өз ойын айқын да анық жеткізуге дағдыланады. Сөйтіп, жаңылтпаш тіл ширату, дүние таныту және тәрбиелеу қызметтерін қатарынан атқарады. Жаңылтпашты жанынан шығарып, оның тақырыбын байытуда педагог ғалымдар мен ақындар да тиісінше үлес қосып келе жатыр. Солардың бірі – этнопедагог-ғалым Ә.Табылдиев. Мысалы, оның балаларға арнаған төмендегі жаңылтпашы табиғатты қорғауға тәрбиелейді:

Кеспе, өссін тал,
Өссе өсімтал,
Өссе, өссін тал
Кеспе, өссін тал. /5/

Жаңылтпаш айтып жарысуда жаңылмай тез-тез айтумен бірге, жаңылтпашты кімнің көп білетіні де ескеріледі. Жаңылтпаш айту отбасында, не белгілі бір ортада ешбір күштеусіз, әзіл-оспақ ойын түрінде қызғылықты өткізілетіндіктен, оған үлкен-кішінің барлығы қызыға қатысады.

Жаңылтпаштың жанрлық топтастырылуы әлі күнге дейін бір шешімге келген жоқ. Алайда, жаңылтпаш фольклордың ұсақ жанрына жататындығын да ешкім теріске шығарған емес. Жаңылтпаш тілдің қалыптасу үрдісінде пайда болмайды. Негізінен сөйлеу барысында белгілі міндеттерді атқару мақсатымен, көбінесе ритмдік ырғақтарға, фигуралық қайталауларға негізделіп, балалардың тілін төселту жұмыстарында жетекші жаттықтырушылық қызмет атқарады. Сондай-ақ жаңылтпаштағы ойнақы образдар жас баланың айнала дүниені тануына да белгілі денгейде ықпал етеді. Бала тіліндегі кейбір кездесетін мүкістерді жоюдың қуатты құралы болып табылады.

Сәби тілінде “с” мен “ш” дыбыстарын немесе “р” мен “и” немесе “л” дыбыстарын шатастыру жиі байқалады. Сондықтан жаңылтпаш сөздерінде осындай дыбыс алмасымдарына баса назар аударылады. Мәселен,

–Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Сондай-ақ “қ-к”, “ш-с”, “ж-ш”, “т-д”, “н-н” т.б. сондай дыбыс жұптарынан құрылған жаңылтпаштар да аз емес.

Мысалы:

Қарға, қарға қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.

Шошымтық үш құсты,
Шошып үш құс ұшты.

Балаға жаңылтпаш айтқызуға бірнеше мақсат көзделеді. Атап айтқанда:

3. Баланың артикуляциялық аппаратының жас кезден бастап дұрыс қалыптасуына ықпал ету. Мұндай кемшілік көбінесе ерке балаларда ұшырасады. Олар еркеліктің салдарынан кейбір дыбыстарды

тілі келе тұрса да, бұрмалап айтып үйренеді де, кейіннен дыбыс аппараты солай қалыптасып кетуі жиі кездеседі.

–Балаға тіл дыбыстарын анық айтқызу.

–Сөздің айтылу ережесін сақтауға (орфоэпия) баулу.

–Біріккен сөздердің арасындағы дыбыстар өзгерісін сақтау;

–Сөз тіркестеріндегі дыбыс ықпалдастығын сақтап сөйлеуге үйрету;

–Ұқсас сөздердің лексикалық мағыналарын ажырата білгізу;

–Тұтас сөйлемдегі сөз тіркестерінің айтылу легін айырып, сөйлеу интонациясын дұрыс қалыптастыру.

Қазақ отбасында балаға шежіре үйрету ұлттық тәрбиенің ажырамас бір бөлігі іспетті. Онда бала өзінен бастап жетінші атасына дейінгі ата-бабаларын, олардан тараған ұрпақтардың аты-жөндерін жатқа айтып беруге дағдыланады. Мұның тәрбиелік мәні: жеті ата тарихына жетік адам қазақ өлкесінің қай түпкірінде жүрсе де, қай қазақ ауылында болса да, ондағы қазақтармен ағайын-туыс, жегжаттық қарым-қатынас сақтай алады. Сондықтан “Қарға тамырлы қазақ, сұраса келе қарын бөле болып шығады” дейтін нақыл тегін айтылмаса керек. Сөйтіп, қазақтың жеті атаға, руға бөлінуі жалпы қазақты бөлу үшін емес, қайта алыстағы рулардың туыстығын аңғарту үшін, оларды өзара жақындастыру үшін сақталған ба дейміз. «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» дейтін қазақ мақалы да осы ойымызды құптай түседі.

Жеті атасын білу сондай-ақ тектілікті /гена тазалығын/ сақтау үшін де қажет болған сияқты. Қазақ жеті атаға толмай қыз алыспаған. Тек тазалығын сақтауда мұның да мәні зор. Жақын аталастардың өзара қан араласуы жиілессе, геннің өміршендігіне кері әсер етеді. Жеті ата туыстығын сақтау арқылы қазақ осы мәселенің алдын алуды көздеген сияқты, әрі бұған баланы жас кезінен-ақ баулыған. Біздіңше, баланың жеті атасын жатқа білу өнері де ұсақ жанрға жататын тәрізді. Кеңес дәуірінде бұған теріс көзқараста болғанымызбен, соңғы кездері отбасында, балабақшада және мектептерде баланы жеті атасын жатқа айтуға баулу үрдісі қайта орала бастады. Бұл құптауға тұрарлық тағылымды үрдісті орнымен пайдалана білсек, ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі қомақты болмақ деген ойдамыз. Ол туыстық бірлікті, тектік тазалықты сақтауға септігін тигізер тәрбие қатарынан саналып келген.

Сонымен жоғарыдағы материалдарды жиі айтқы келе, ойымызды түйіндесек, ұсақ жанрлардың балаға ұлттық тәрбие берудегі тағылымдық қызметі әралуан екендігі байқалады. Атап айтқанда, ұсақ жанр түрлері бала тілі шыққаннан бастап, ел ағасы азамат болғанда да жиі қолданылатын тәрбие құралы болып табылады. Сәбидің тілі шыға бастағанда пайдаланылатын жаңылтпаш тіл ұштау қызметін атқарса, ойын түрінде қолданылатын жұмбақ айтып шешкізу баланың айнала дүниетанымын кеңейтеді. Ал мақал-мәтелдер қарапайым әдептілікке тәрбиелеуден бастап, айнала қоршаған ортаны, адамдарды сүйе білуге үйретеді, еңбекке, шаруақорлыққа тәрбиелейді, халықтың терең ой тұжырымдарын меңгертуге жәрдемдеседі. Демек, ұсақ жанрлар баланың тілін ұстартып, сөз байлығын арттыруда, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады. Бұлардың барлығы баланы дені сау, жан сезімі таза, сұлу, ақыл-ойы толық азамат етіп тәрбиелеу мақсатын көздейді.

1. Матыжсанов К. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. – Алматы, 1990.

2. Әлімбаев М. Мақал – сөздің мәйегі. – Алматы, 1964.

3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.

4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1976.

5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2001.

Резюме

В статье рассматриваются особенности малого жанра фольклора и его роль в национальном воспитании детей дошкольного возраста. Автором показаны пути использования произведений малого жанра фольклора в детском саду.

Summary

In the article is opened the features of little of жанре of folclore and its rule in civic education by pre-school age children